

**«Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі» КММ-сінде
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша есебі.**

2023 -2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жанашыл тұлға қалыптастыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

3.Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

4.Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

2023-2024 оқу жылы тамыз айында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Оқу жылына байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілермен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша сыныптарында өткізілетін сынып сағаттарының жоспары жоспарланды. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді.

«Мектепке жол» Республикалық қайырымдылық акциясы

Әлеуметтік санаттағы отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл "Мектепке жол – шекарасыз жақсылық" атты айдармен өткізілді. Акция мектебімізде ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында өтті.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

«Ы.Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі»КММ-де арнайы ақпараттық стенд жасалды. Аталған акция аясында мектебіміздің әлеуметтік картасына енген 93 оқушыға мектеп формасымен, құрал жабдықтарымен, киім кешектермен қамтамасыз етілді.

30 тамыз Қазақстан Республикасының Конституция күніне арналған іс-шараның өткізілді.

Мақсаты:

1. Оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру, құқықтық білімдерін толықтыру;
2. Адамгершілік, ізгі қасиеттер мен ар – ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру;
3. Оқушылардың саяси саналылығы мен таным белсенділігін арттыру, заңдарды талдай отырып, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге баулу;

2023-2024 оқу жылында 30 тамыз Қазақстан Республикасының Конституция күніне арналған іс-шара жоспарға сәйкес өткізілді.

01.09-31.09.23 жыл аралығында мектебімізде Мектепке жол акциясы ұйымдастырылды. Биылғы жылы осы акция аясында мектептен көмек сұраған отбасы юалалары толық қамтамасыз етілді.

28.08.23 жыл «Конституция -кемелдік кепілі» тақырыбында онлайн челенджді 6А,6Б,7а,7Б сыныптарының сынып жетекшілері ұйымдастырды.

28.08.23 жылы 2А,2Ә,2Б сыныптарында «Менің Отаным-менің Қазақстаным »тақырыбында онлайн суреттер байқауын сынып жетекшілері ұйымдастырды, жеңімпаз оқушыларды марапаттады.

29.08.23 жылы мектеп кітапханашысы Б.К.Казбекова «Конституция құқықтар мен бостандықтардың кепілі» тақырыбында мектеп кітапханасына бұрыш ұйымдастырды. Мектеп оқушылары осы тақырып негізінде өздеріне керекті көптеген мәліметтер алды.

31.08.23 жылы 4Б ,3А,3Б сыныптарында «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында фото көрмені сынып жетекшілері ұйымдастырды.

Қорытынды :

Міне, балалар! Өз міндеттеріміз бен құқықтарымызды біліп, оны дұрыс орындап, бірлік пен ынтымақта жұмыс жасап, Қазақстан елінің бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы үшін үлесімізді қосайық дегім келеді. Қазақтың зиялылары туралы оқып, өмірлік заңдарын насихаттайық дей келе өткізілген іс-шарамыз өз мәресіне жетті.

1 қыргүйек Білім күніне байланысты іс-шаралар өтті:

2023-2024 оқу жылына арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты білім күніне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылды. Жиынның алғы сөзін мектеп басшысы Мейрбекова Гүлбахрам Сағатбековна

барша ұстаздар қауымын, ата-аналарды, оқушыларды мерекемен құттықтады. Мерекелік іс – шара барысында 2022-2023 оқу жылында мектебіміздің алдына қойылған Ыбырай Алтынсарин ескерткішіне тағзым етіліп мектеп басшысы мен 11 сынып оқушысы Мағау Айгүл гүл шоқтарын қойды. Сонымен қатар, іс-шарада 2023-2024 оқу жылының алғашқы қоңырау соғу рәсімі ұйымдастырылып, алғашқы сынып сағатының шеңберінде ұлттық құндылықтардың, патриотизмнің, адалдықтың, адам өміріндегі бір-біріне деген құрмет пен сенімнің рөлін талқылауға ерекше назар аударылды. «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық патриотизм» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өтілді

5 қыргүйек тілдер күні мерекесіне байланысты өткізілген іс-шаралар:

5-қыргүйек халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шокан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын- аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Қазақстан Халқының Тілдер мерекесімен тұспа-тұс келген Ұлы Ұстаздың туған күні құрметіне қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен "Тіл-ұлттың рухани негізі" тақырыбында жоспар құрылып, ақпараттық бұрыш ұйымдастырылды.

Жоспар бойынша жалпыоблыстық ашық диктант жазуға 3-11 сынып оқушылары және педагогтері белсене қатысты.

«Оқуға құштар ұрпақ» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

3-6 сыныптар «Туған тілім - тұғырым» тақырыбында диктант, 7-10 сыныптар «Ахмет Байтұрсынұлы –ұлт жанашыры» тақырыбында эссе жазды. 1-11 сыныптар арасында «Тіл – ұлттың рухани негізі» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

«Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ «Балқаш қаласының тілдер орталығы» КММ –нің ұйымдастыруымен өткізілген Ұлы жүздің бас биі Төле би Әлібекұлына 360 жыл толуына орай «Шешеннің сөзі - семсердің жүзі» атты қалалық өнер байқауына қатысканы үшін ІІ дәрежелі дипломмен Тлеуберген Ербота марапатталды.

Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдерін оқуға челлендж ұйымдастырылды.

Ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды.

«Мемлекеттік тіл – менің тілім» тақырыбында құттықтау репортажы түсірілді.

«Маманға жүз сұрақ» тақырыбында Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, облыстық, аймақтық жыр мүшәйраларының жүлдегері, қазіргі таңда «Балқаш өңірі» газетінің редакциясы ЖШС директоры Қуаныш Сағынтайұлымен кездесу өтті.

«Тіл – халықтың қазынасы» тақырыбында іс-шараның жабылу салтанатына әдебиетіміздің «Үш бәйтерегі» атанған ұлы тұлғалардың шығармаларына тоқталып, «Бес арыс» деп ел есінде қалған ақын-жазушыларымыз, қазақ ұлтына үлкен еңбегі сіңген қоғам қайраткерлерінің, елінің азаттығын аңсаған ұлт зиялыларының өлеңдерін оқыды. Онкүндік аясында өткізілген іс-шараларға белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

«Отбасы бақыт мекені» тақырыбында іс-шаралар өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.

11.09.2023 жылы мектебімізде «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында іс-шара жоспары жасалынып сынып жетекшілерге таныстырылды

11.09.23 жылы «Отбасы-шағын мемлекет» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында тәрбие сағаты өтті.

12.09.23 жылы «Бала тәрбиесіндегі жауапкершілік» тақырыбында 1-11 сыныптың ата-аналарымен кездесу ұйымдастырылды.

12.09.2023 жылы «Менің берік отбасым» тақырыбында сурет көрмесін 2А,2Б, 2Ә сыныбының сынып жетекшілері ұйымдастырды.

12.09.2023 жылы «Мен отбасымды жақсы көремін» тақырыбында асфальтта сурет салу байқауын 1А,1Б сыныбының сынып жетекшілері ұйымдастырды. Жеңімпаз оқушылар марапатталынды.

13.09.2023 жылы «Отбасындағы менің бір күндік өмірім» бейнероликтер байқауын 4А,4Б сынып жетекшілері ұйымдастырды.

13.09.23 жылы «Отбасы өмір айнасы» тақырыбында 3А 3Б сыныптарында адамгершілік сабақтары ұйымдастырылды.

14.09.23 жылы 5А 5Б сыныптарында «Ата-ананы құрметтеу -әрбір адамның қасиетті борышы» тақырыбында шығармалар байқауын Есмахан С.Қ ұйымдастырды.

15.09.2023 жылы «Отбасыммен кітап оқимыз» акциясын 8А 8Б сыныбының сынып жетекшілері ұйымдастырды.

15.09.23 жылы 9А 9Б сыныптарында «Отбасы бақыты ол.....» ата-аналарына ашық хат жазуды сынып жетекшілері ұйымдастырды.

Тәрбиелік іс-шарамызды Мұзафар Әлімбаевтың мына өлеңімен аяқтағанды жөн көріп отырмыз. Қипақтайды кит етсе анаң, әкең,

Қайтсем ғана осыны адам етем,

Басқалардың осындай балалары,

Тап осындай жаңғалақ шала ма екен.

Ойым емес, оллаһи, біздікінің...

Енжарлығы елде жоқ алабөтен.

Туа сала тұлпардың жалын тартқан;

Қырғиларға қызығып карап өтем.

Жарық сыйлап маңына жылу сыйлап,

Бұ да бір күн алаудай жана ма екен?
Ел қатарлы елеулі еңбек етсе – ау.
Болмаса да топ жарған дара бөтен.
Мүше тістеп мықтылар той жасаса,
Жерге қарап мен сорлы қалар ма екем?....

Үміт пен күдіктің ортасында.
Ата - ананың үміті талады екен!

Міне осылайша өз баласының болашағына алаңдап, «Қайтсем де баламды адам етем» деген ата - ананың арманы баласымен бірге жасайды екен.

11 қыркүйекте «Абайландар, балалар!» атты акцияға мектебіміздің «Жол қозғалысының инспекторлары» қатысты.

13 қыркүйек күні жол- көлік оқиғаларының алдын алу үшін жас жол инспекторларымен бірлесе «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!» акциясын өткізді.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясындағы ұлттық ойындар ұйымдастырылды.

2023 жылдың 17 қараша күні мектебімізде «9 айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Бес асық» және «Асық ату» ұлттық ойындары бойынша «Алтын сақа» челленджі ұйымдастырылды.

Челлендждің мақсаты: Оқушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін және елдің мәдени мұрасын сақтауға, ұлттық, ойындарды насихаттауға бағыттау. Ұлттық ойындардың бірі - асық ойыны баланың ой-ерісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады. Сондықтан мектепте ұлттық ойын түрлерін жанғырту және насихаттау үшін оқушыларды асық, ойынына баулу басты құндылықтардың, бірі болып табылмақ. Асық ату.«Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткен «Асық ату» ұлттық ойынының қалалық кезеңінен 1 орын алып облыстық кезеңге жолдама алды.

1 қазан күні Қарттар күніне өткізілген іс-шаралар :

1-казан Қарттар күніне орай, 3 "А" сыныбында "Қарттарым асыл қазынам" тақырыбында сынып сағаты өтті.

Мақсаты:

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу, аталардан қалған ұлағатты ғибрат аларлық сөздерді балаларға ұсыну.

Қарттар біздің асыл қазынамыз" мектепішілік жоспарға сәйкес мектеп кітапханашысы Казбекова Б.Қ. мектебіміздің ардагер ұстаздарымен кездесу өткізді. 29.09.2023 жылы «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» тақырыбындағы 8А 8Б сыныптары көмек көрсету акциясын ұйымдастырды.

02.10.2023 жылы «Қарттар біздің-асыл қазынамыз» тақырыбында 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Қарттар - біздің асыл қазынамыз» атты қалалық іс - шараның жоспары бойынша 2-3 сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті атам мен әжем» тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. 3А сыныбында «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында сынып сағаты өтті.

4А сыныбы бейне құттықтау жасады.«Қарттар біздің асыл қазынамыз» атты мектеп кітапханашысы мектебіміздің ардагер ұстаздарымен кездесу өткізді.

02.10.2023 жылы 1-11 сынып оқушылары ардагер ұстаздарымызды құттықтады. Іс-шарамызды қорытындылай келе әр оқушымыздың ой-санасында осы бір кереметер сөздер жүрсе дей келе «Қазақтар – «Төріңнен қарт кетпесін» деп тілеген халық. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу – біздің ата дәстүріміз.Өзінді өмірге келтірген, тіршілігіне нәр берген ата-ананың алдында адамның парыз-міндеті өлшеусіз.

«Бабаларым, рахмет сендерге!

Балаларым болмасын деп бос кеуде,

Қобызыңмен қосып ән мен тіл бердің,

Өмірге мен мылқау болып енгенде

Бабаларым, рахмет сендерге!», - деп Мұқағали Мақатаев атамыз айтқандай міне, балалар, біз өзіміздің ата-әжелеріміз алдында қарыздармыз. Ол қарызымызды тек жақсы тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз.Қарттарымызды ардақтап өтейік! Оларды сыйландар, қадірлендер!Деп іс-шарамызды қортындыладық.

Еңбек күніне байланысты іс-шаралар ұйымдастырылды.

Еңбек күніне байланысты «Еңбек адамды мұратқа жеткізер» тақырыбында 8Б,2Б,2А,3Б сыныптарында сынып сағаттары өтті.

Мектебімізде кіші қызметкерлерге арналған еңбек күні аталып өтті.Мектеп директоры Гулбахрам Сағатбековна мерекелерімен құттықтап және 60 жасқа толған қызметкерлерге алғыс білдіріп,сыйлығын тарту етті.

"Алтын күз - 2023" атты мерекелік іс-шарасы өтті.

2023 жылдың қазан айының 11-і күні мектебімізде дәстүрлі "Алтын күз - 2023" атты мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Бастауыш сыныптар бұл мерекеге үлкен дайындықпен келіп, іс-шара жоғары деңгейде өтті.

1-2сыныптар арасында

Басжүлде-2Асыныбы

I-орын1А,2Әсыныптары

II-орын2Бсыныбы

III-орын1Бсыныбыиеленді

3-4сыныптарарасында

Басжүлде-4Бсыныбы

I-орын4Асыныбы

II-орын 3А,3Б сыныптары иеленді.

Іс-шараларға белсене қатысуға оқушыларымыздың дайындығына өз үлестерін қосқан ата-аналарына алғыстарын білдірді.

«Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ «Балқаш қаласының мәдени-сауық орталығының ұйымдастырумен Халықаралық сұлулық күніне арналған «Сәнқойлар мен Сәнгерлер» шоу байқауында үздік өнер көрсеткен даярлық сыныбының тәрбиеленушілері «Бас жүлде» мен «Көрермен көзайымы» деген атаққа ие болды.

«Төрт тоқсан төрт өнер»

«Төрт тоқсан төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасын іске асыру жоспарына сәйкес «Бізді ақылды ететін кітап-дана» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

2023 жылдың 27 қыркүйегінде 10-11 сынып оқушылары кәсіби бағдарлау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясы өкілдерімен ZOOM платформасында кездесті.Өздерін толғандырған оқу орны туралы сауалдарға жауап алды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебімізде іс-шаралар ұйымдастырылды:

5 қыркүйек күні Қазақстан халқы тілдері күніне арналған мектепішілік жоспарға сәйкес мектеп кітапханашысы Казыбаева Б.К. 5-6 сыныптар арасында "Оқуға құштар ұрпақ" тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырды. Ағартушы ғалым, тіл білімінің негізін қалаушы, ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына тоқталды.

28 қыркүйек қазақ қаламгері Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерейтойына орай «Алтайдың асқақ жыршысы» атты конференция өткізді. Мектеп оқушылары Оралхан Бөкейге арналған шығармаларын оқыды.Кешенді жоспар бойынша қазан айында мектеп кітапханасында "Бір отбасы-бір кітап" жобасының жоспарына сәйкес 6"А" сыныбының ата-анасы Ыбырай Назгүл баласы Бахытбек Ақботамен оқыған кітаптары бойынша мектеп кітапханашысы Қазбекова Б.К. алдағы қалалық өткізілетін іс-шараға дайындық жұмыстарын туралы ойларымен бөлісті."Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханашысы Казбекова Б.К. 5-сынып оқушыларымен Б.Соқпақбаевтың "Менің атым Қожа" — 1957 жылы жазылған, қазақ балалар әдебиетінің озық туындыларының бірі саналатын повестьтің желісі бойынша түсірілген фильмді көрсетіп, оқушылармен пікір алмасты. Мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету.Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру.Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру.Мектеп кітапханасында күзгі каникул кезінде 03.11.23 күні "Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында кітапханашы Казбекова Б.К."Жүйрік болсаң озып көр" ойын сабақ өткізді. 01.11.23.күні күзгі каникул кезінде кітапханаға келіп кітап оқыды.."Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханашысы Казбекова Б.К. 4АБ сынып оқушылары арасында "Кітап-асыл қазына" тақырыбында тапқырлар сайысын өткізді. Мақсаты:кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, білімнің көзі-кітапта екенін оқушылар санасына жеткізу.20.11.2023.Республикалық"Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында 4"А"сынып оқушылары қазақтың балалар жазушысы,көрнекті ақыны Мұзафар Әлімбаевтың шығармаларына додекаэдр,топперлер жасады.Оқушылардың шығармашылығы,қызығушылығы артты.

20.11.2023."Оқуға құштар мектеп"республикалық жобасы аясында оқушылар "Оқуға міндетті 100 кітап" тізіміне енген ақын - жазушылардың шығармаларын оқып "БУКТРЕЙЛЕР"жасап насихаттады.Мектебімізде "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Білім көзі-кітапта" тақырыбында 20 минуттық кітап оқу сағаты өткізілді. Мақсаты: білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

05.12.2023 жылы Мектебіміздің кітапханасында “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында 1а- сынып оқушыларымен “Кел, балалар, оқылық” 20 минуттық кітап оқу сағаты өткізілді. Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын арттыру, оқу дағдысын қалыптастыру.

06.12.2023. Мектебімізде “Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім” форумы аясында мектеп кітапханашысы Қазбекова Б.К. ұйымдастыруымен “9Б” сынып оқушыларымен “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында “Шытырман оқиға” атты “КВЕСТ” ойындары ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларды ұйымшылдыққа, тапсырмалардың шешімін оңай және жылдам шешуге, топта жұмыс жасауға, өзіндік пікірді дамытуға бағыттауға, кітап оқуға қызығушылығын арттыру.

22.12.2023. “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында, мектеп кітапханашысы Қазбекова Б.К. Б. Момышұлының туған күніне орай “Рух пен намыс” тақырыбында 9- сынып оқушыларымен танымдық сағат өткізді. Мақсаты: Б. Момышұлының өмірі, патриоттық ерліктері және шығармалары жөніндегі оқушылардың білімін, біліктілігін анықтау.

5.01.2024. Ыбырай Алтынсарин атындағы ЖББ №25 мектеп кітапханашысы Қазбекова Б.К. оқушылардың қысқы демалыстарын тиімді өткізу мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушыларды “Даналық әліппесі” атты инновациялық сөйлейтін қалам нұсқаулығымен таныстырды. Мақсаты: “Даналық әліппесіндегі” даналық әлемі кеңістігін түзейтін қайнар көз ретінде ұсынылған халықтық туындыларды электрондық дыбыстау құралдары арқылы тыңдалатындығын біліп үйрету. “XXI ғасыр -сауатты ұрпақ ғасыры” оқу сауаттылық апталығы “Оқуға құштар мектеп” жобасы Кітап оқып, сыйлық ұтып ал” акциясы 5-6 сыныптар Жеңімпаздар: Ордабек Айбибі, Ақан Сезім, Аспаева Айым, Аспаев Махамбет

Ы. Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебінің “Әке жолы-ізгі жол” атты Әкелер айлығын өткізу жоспары бойынша 2-сыныптарда “Оқуға құштар мектеп” және “Балалар кітапханасы” жобасы аясында “Жаңылтпаш айтқан жалықпас” сайысы өткізілді. “XXI ғасыр -сауатты ұрпақ ғасыры” оқу сауаттылық апталығы “Оқуға құштар мектеп” жобасы Буккроссинг (ағылшын тілінде «кітаптың айналыста жүруі) – «өзің оқысаң, өзгеге табыс ет» қағидасына негізделген хобби мен адам және кітап арасын жақындататын, кітап оқуға шақыратын қоғамдық қозғалыстардың бірі. Мақсаты: жаңылтпашты жаңылмай жатқа айта білуге үйрету, тіл байлығын дамыту, ана тілге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру.

Мектебімізде республикалық “Оқуға құштар мектеп” жобасын іске асыруда “Артық білім кітапта, Ерінбе оқып көруге!”, деп ұлы ақынымыз Абай жырлағандай, “Кітап оқып, сыйлық ұтып ал!” мектепішілік 4 сынып оқушылар арасындағы кітап оқу сайысына қатысып жүлделі орындарға ие болған

Ақпан айы “Оқуға құштар мектеп жобасы” “Тоғыз айға тоғыз іс-шара” тұжырымдамасы 2Ә сынып оқушысы Русланқызы Мариям, Абай Құнанбайұлы “Шегіртке мен құмырсқа” мысалы.

Ақпан айы “Оқуға құштар мектеп жобасы” “Тоғыз айға тоғыз іс-шара” тұжырымдамасы 2Ә сынып оқушысы Жандосұлы Жаннұр Абай Құнанбайұлы “Ғылым тппай мақтанба”.

Ақпан айы "Оқуға құштар мектеп жобасы" "Тоғыз айға тоғыз іс-шара" тұжырымдамасы 2Ә сынып оқушысы Бурат Нұргелді Абай Құнанбайұлы "Әсемпаз болма әрнеге" .

Ақпан айы "Оқуға құштар мектеп жобасы" "Тоғыз айға тоғыз іс-шара" тұжырымдамасы 2Ә сынып оқушысы Русланқызы Мариям Мұқағали Мақатаев "Үш бақытым" .

Ақпан айы "Оқуға құштар мектеп жобасы" "Тоғыз айға тоғыз іс-шара" тұжырымдамасы 2Ә сынып оқушысы Русланқызы Мариям Мұқағали Мақатаев "Үш бақытым" Ақпан айы: "Оқуға құштар мектеп" Мектеп кітапханашысы Казбекова Б.К. ZOOM платформасы арқылы оқушыларға "Тоғыз айға тоғыз іс-шара" тұжырымдамасына сәйкес осы ақпан айының "Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша өткізілетін іс-шараларына тоқталды. Оқуға міндетті 100 кітап туралы айтты.

Ақпан айы "Оқуға құштар мектеп жобасы" "Тоғыз айға тоғыз іс-шара" тұжырымдамасы 2Ә сынып оқушысы Бурат Нұргелді Ыбырай Алтынсарин "Кел, балалар, оқылық!"

Ақпан айы "Оқуға құштар мектеп жобасы" "Тоғыз айға тоғыз іс-шара" тұжырымдамасы 2Ә сынып оқушысы Русланқызы Мариям Ыбырай Алтынсарин "Өзен"

Ақпан айы "Оқуға құштар мектеп жобасы" "Тоғыз айға тоғыз іс-шара" тұжырымдамасы 2Ә сынып оқушысы Серікбек Аяжан Ыбырай Алтынсарин "Бұл кім?"

Ақпан айы "Оқуға құштар мектеп жобасы" "Тоғыз айға тоғыз іс-шара" тұжырымдамасы 2А сынып оқушысы Мекебай Раяна Абай Құнанбайұлы "Қыс"

Ақпан айы "Оқуға құштар мектеп жобасы" "Тоғыз айға тоғыз іс-шара" тұжырымдамасы 2А сынып оқушысы Рахман Тахмина Абай Құнанбайұлы "Жасымда ғылым бар деп ескермедім"

Ақпан айы "Оқуға құштар мектеп" "Тоғыз айға тоғыз іс-шара" тұжырымдамасы Мектепалды даярлық "А" тобының оқушылары Абдыкеримова Айбибі Ыбырай Алтынсарин "Бұл кім?!" Сейфолла Акерке Ыбырай Алтынсарин "Өнер білім бар жұрттар" Жанабек Медина Ыбырай Алтынсарин "Ананың сүюі" Райымбек Айлин"Өзен" Игілік Нұрым Ыбырай Алтынсарин "Ананың сүюі"

Ақпан айы "Оқуға құштар мектеп" "Тоғыз айға тоғыз іс-шара" тұжырымдамасы

Мектеп алды даярлық "Б" тобының оқушылары Қуанышқызы Әлфия Абай Құнанбайұлы "Күз" Асылхан Еркебұлан Абай Құнанбайұлы "Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы" Асылхан Гүлсезім Ыбырай Алтынсарин "Бұл кім?". Мекебай Малика Ыбырай Алтынсарин "Өнер білім бар жұрттар"

28 ақпан күні, сағат 12-де Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің "Ы.Алтынсарин атындағы ЖББ 25 мектеп" КММ-нің бастауыш сынып оқушылары "Тоғыз айға 9 іс-шара" тұжырымдамасын іске асыру мақсатында, Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы "Оқуға құштар мектеп" республикалық челленджі аясында, өздері тандаған ертегілерін оқыды.

Мақсаты: "Тоғыз айға 9 іс-шара" тұжырымдамасын іске асыру, білім

алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту, кітап оқу мәдениетін дәріптеу.

«Қарттар -біздің асыл қазынамыз» тақырыбында өткізіліген іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушы бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата – бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт – дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

29.09.2023 жылы «Менің сүйікті атам мен әжем» тақырыбында 2А, 2Ә, 2Б сыныптарында сурет көрмесін сынып жетекшілері ұйымдастырды.

29.09.2023 жылы «Менің жылдарым-менің байлығым» тақырыбында кітап көрмесін мектебіміздің кітапханашысы Б.К.Қазбекова ұйымдастырды.

«Жарқын өмірім үшін сізге рақмет» қарттарды құттықтау, ашық хаттар дайындау 5А 5Б сыныптарына берілген болатын, сыныптың оқушылары ашықхаттар 29.09.2023 жылы жасап, қарттарға таратты.

2023 жылдың қазан айының 5-і күні мектебімізде «Ұстаздар күні» күні меркесі тойланды. Өзін –өзі басқару ұйымы мектеп мұғалімдеріне «Сыйлықтың орнына қабырға газеті, Гүлдің орнына құмыра гүлдері» атты челлендж ұйымдастырып, қолдан жасалған бұйымдардан сыйлық жасады. Мектеп Парламентінің ұйымдасуымен мұғалімдерді құттықтау бейнебаяны түсірілді. 05 қазан күні «Дублер күні» ұйымдастырылды. Дублер күнінің мақсаты: мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық, қабілеттерін іске асыру. 4Б, 5А сыныбының оқушылары мұғалімдерге арналған құттықтау бейнебаянын түсірді.

18 қазан - Рухани келісім күніне орай рухани татулық, төзімділік, елімізде тұрып жатқан басқа ұлттар өкілдеріне деген сүйіспеншілік пен құрметті ояту мақсатында іс- шаралар жоспары жасалынып қазан айының 13 күні апта бойы жасалатын іс- шаралар жоспарымен 1-11 сыныптың оқушылары мен сынып жетекшілеріне таныстырылды.

18 қазан Рухани келісім күніне орай жасалған іс- шаралар жоспарына сәйкес 2022 жылдың 16- қазан күні «Рухани келісім – бірлік бастауы» атты мектеп фойесінде ақпараттық бұрыш жасалды және мектеп кітапханасында "Діни келісім - бірлік пен тұрақтылық кепілі!" атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларға таныстырылды.

Көрменің мақсаты: Ұлтаралық достық қарым- қатынасты сақтау, конфессиялармен мәдениеттер диалогын құруға, дін саласындағы тұрақты мемлекеттік саясат ұстана білуге үйрету, қоғамда тұрақтылықты сақтауға тәрбиелеу.

Жоспарланған іс- шара барысында 8- 9 сынып оқушылары "Рухани келісім - бірлік бастауы" тақырыбында эссе жазды.

Мақсаты: Ұлтаралық достық қарым- қатынасты сақтауға, конфессиялармен мәдениеттер диалогын құруға, дін саласындағы тұрақты мемлекеттік саясат ұстана білуге үйретуге, қоғамда тұрақтылықты сақтауға тәрбиелеу.

Жоспарға сәйкес 2023 жылдың 18 қазан күні 5-6 сынып оқушылары Рухани келісім күніне орай бейнероликтер көрді. «Рухани келісім – бірлік пен татулықтың кепілі» деген тақырыпта 7-10 сыныптар арасында эссе байқауы өткізілді. Кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Тәуелсіз Қазақстандағы конфессионалдық жағдай, діни сенім бостандығы туралы түсінік, дінаралық қатынастардағы толеранттылық, ұлтаралық және дінаралық келісімнің Қазақстандық модулі, Қазақстан президентінің бейбітшілік пен дінаралық келісім орнату саласындағы саясаты туралы түсінік беру.

Елімізде тұрып жатқан Қазақстанның біртұтас халқын құрайтын әртүрлі ұлт өкілдерінің ынтымақтастық пен бірлікті нығайтуда діннің алар орны ерекше екендігін және дүние жүзін жайлаған алауыздық пен қатыгездік адамзаттың рухани жұтандауынан болып отырғанын, жұмыр жерді қактығыс пен дағдарыстан құтқарудың бір жолы – рухани бірлік пен өзара келісім екендігі іс-шара өзегіне айналды.

Шара соңында оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға, соның ішінде кітаппен дос болуға және тазалыққа, адамгершілікке, имандылыққа, отаншылдыққа берік болуға шақырылды.

25 қазан- Республика күніне байланысты өткізілген іс-шаралар өтті.

2023 жылдың 18-інші қазаны күні «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында өткізілетін іс-шаралар жоспары жасалынып, сынып жетекшілерге таныстырылды.

19 қазан күні мектеп кітапханашысы Б.К.Қазбекова «Менің Қазақстаным» тақырыбында кітіп көрмесін ұйымдастырды. Мектеп оқушылары өздеріне керекті көптеген мәліметтер алды.

19 қазан күні 5А, 5Б сыныптарында «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақатнышымыз» тақырыбында таңғажайып алаң ұйымдастырылды. Оқушылар білімдерін көрсете білді, өз ойларымен бөлісті.

20 қазан күні «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында бастауыш сыныптар арасында кабырға газеттері шығарылды, жеңімпаз сынып марапатталынды.

20 қазан күні 6-7 сыныптар арасында «Қарағанды облысының киелі жерлері» тақырыбында пән мұғалімдері С.Наркулова мен М.М. Мамырбаева жоба қорғатты, іс-шара соңы қортындыланып жеңімпаз оқушылар марапатталынды.

23 қазан күні Республикалық бірыңғай «Патриотизм дауысы» Мемлекеттік Гимнді жаппай орындау ұйымдастырылды.

23 қазан 1-11 сыныптар арасында «Ата-баба жері-өз жерің» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

23 қазан күні 8-9 сыныптар арасында ағылшын пәні мұғалімдері викторина ұйымдастырды.

Аталмыш іс-шаралар оқушылардың бойындағы патриоттық рухты арттырып, оларды отансүйгіштікке баулиды. Әр өткізілген іс-шара өз дәрежесінде өтті.

16 қазан күні жоспар бойынша 7- сынып оқушылары «Төтенше жағдай кезіндегі құтқару іс-әрекеті» тақырыбындағы Балқаш қаласының судан құтқару

станциясының тәжірибелік ашық есік күніне қатысып, құтқару жұмыстарымен танысып қайтты.

Күзгі демалыс кезінде Ы.Алтынсарин атындағы №25 мектебінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, салауатты өмір салтын ұстану, ой-өрісін дамыту, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу мақсатында жоспар жасалып, көптеген іс-шаралар өткізілді.

Қазан айының 27-сі күні мектептің 1 қабатына «Күзгі демалыс» тақырыбында бұрыс ұйымдастырылды. Іс-шара жоспары жасалынып, сынып жетекшілерге таныстырылды. Ата-аналар мен оқушылар үшін күзгі демалыстағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды.

31 қазан күні 8А,Б сынып оқушылары арасында «Күздің ашық суреттері» тақырыбында суреттер байқауы өткізілді.

1-ші қараша күні Күзгі демалыс кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 4А сыныбының оқушысы Ерболатқызы Еркежан «Менің айналамдағы әлем» тақырыбындағы сурет салу сайысына қатысты.

2 қараша күні мектепшілік күзгі каникул жоспарына сәйкес 4Б сынып оқушылары арасында «Математика және логика» тақырыбында танымдық ойыны өтті.

2 қараша күні 2Ә сыныбында күзгі каникул жоспарына сәйкес «Сауатты жазу» тақырыбында танымдық сабақ өтті.

Қараша айының 2-сі күні 1А және 1Б сыныптарында «Тәртіптің ең тамаша мектебі-отбасы» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

2 қараша күні Балқаш қаласының Р.Қошқарбаев атындағы техникалық колледжінің ұйымдастыруымен өткен кәсіби сынамаға 9 сынып оқушылары қатысты.

2 қараша күні 4Б сыныбында «Отбасы-тәрбиенің ұясы» тақырыбында ата-аналар жиалысы өтті.

3 қараша күні «Балқаш сервис» колледжінің ұйымдастыруымен өткен кәсіби сынамаға 9 сынып оқушылары қатысты.

3 қараша күні мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханашы Б.К.Казбекова «Жүйрік болсаң озып көр» тақырыбында ойын сабақ өткізді.

3 қараша күні Балқаш қаласы білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген қалалық мектептер арасында өткен «Менің елім-Қазақстан» атты қалалық патриоттық әндер байқауында 1-ші орынды Ерланқызы Айару және 2 орынды Мейрамбек Жәнібек иеленді.

3 қараша күні «Ағыбай батыр атындағы оқушылар сарайы» КМҚК-ның күзгі демалыс жоспарына сәйкес қалалық «Сикырлы алтын күз» шығармашылық байқауы ұйымдастырылды. Байқау «Күз-менің сүйікті жыл мезгілім» нтминациясы бойынша 6-10 жас санатындағы оқушылар арасында өтті. Байқауға мектебіміздің 4 сынып оқушылары қатысты. Нәтижесінде 4Б сынып оқушысы Наурызбай Айзере-2 орын, 4А сынып оқушысы Ерболатқызы Еркежан 3 орынмен марапатталды.

3 қараша күні 2А сыныбында «Математика және логика» тақырыбында танымдық ойын өтті.

5 қараша күні 4А сынып оқушылары арасында «Математика және логика» тақырыбында танымдық ойын өтті.

6 қараша күні 3А сыныбында «Ғаламтордың пайдасы мен зияны » тақырыбында сынып сағаты өтті.

Қазан айының 30-31 -і күндері «Жылдың алтын мезгілі» тақырыбындағы іс-шараны 8-9 сыныптар арасында сынып жетекшілері ұйымдастырды.

«Бес асық» ұлттық ойынын 7А сыныбының оқушыларымен Сатиев Қ.А ұйымдастырды.

31 қазан күні мектептің спорт залында волейбол ойындарын ұйымдастырды.

1 қараша күні 2Ә сыныбында сынып жетекшісі Г.М.Бакирова «Сауатты жазу» тақырыбында іс-шара ұйымдастырды.

1 қараша күні 4А және 4Б сыныбының сынып жетекшілері Оқушылар сарайында ұйымдастырылған «Менің айналадағы әлем» тақырыбындағы сурет байқауына қатысып, оқушылары жүлделі орындармен марапатталынды.

1 қараша күні мектеп спорт залында баскетбол ойындарынан сайыс ұйымдастырылды. Жеңімпаз сыныптар марапатталынды.

2 қараша күні 2Б сыныбында «Математика күделікті өмірімізде» тақырыбында іс-шараны сынып жетекшісі ұйымдастырды. Оқушылар өздеріне керекті көптеген мәліметтер алды.

3 қараша күні 2-3 сыныптар арасында «Математика және логика» тақырыбында іс-шараны сынып жетекшілері ұйымдастырды.

«Мамандық таңдаймыз» кәсіптік бағдар бойынша 9-11 сынып оқушыларына диагностика мен кеңестер беріліп, оқушыларымыз қаламыздағы кәсіптік оқу орындарына барып, өздерінің таңдаған мамандықтары бойынша толық ақпарат алды.

Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты республикалық онкүндіктің жоспарына сәйкес іс-шаралар ұйымдастырды.

2023 жылдың 15-25 қараша күндері аралығында «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты республикалық онкүндіктің жоспарына сәйкес қараша айының 17 күні 2Б сыныбында «Күндей күлген анамның, баласы болып қаламын!» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Балалар балалық шақ туралы және көңіл күй туралы суреттер салды.

«Күзгі демалыс » ақпары

“Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 мектебі” КММ-сінде күзгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында 2-сыныптар арасында спорттық ойындар ұйымдастырылды.

Күзгі демалыс жоспарына сәйкес 8АБ сынып оқушылары арасында 30 қазан күні "Біз спортты таңдаймыз" тақырыбында волейболдан жарыс өткізілді. Мақсаты: салауатты өмір салтын қалыптастыру, күзгі каникулды тиімді пайдалану.

Күзгі демалыс жоспарына сәйкес 8АБ сынып оқушылары арасында 31 қазан күні "Күздің ашық сурет түстері" тақырыбында суреттер байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушыларға табиғаттың әсем көрінісін бақылата отырып, әсемдікке, сұлулыққа баулып, эстетикалық талғамын арттыру,

Күзгі демалыс кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 4А сынып оқушысы Ерболатқызы Еркежан “Менің айналамдағы әлем” тақырыбында сурет салды.

Мектепшілік күзгі каникул жоспарына сәйкес 4Б сынып оқушылары арасында “Математика және логика” танымдық ойыны өтті. Мақсаты: зейінін, еске сақтау, байқағыштық, бақылағыштық, қиялдау, танымдық іс – әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу;

Күзгі каникул кезінде кітапханаға келіп кітап оқыды. 01.11.23. күні. Мектеп кітапханасында күзгі каникул кезінде 03.11.23 күні "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында кітапханашы Казбекова Б.Қ. "Жүйрік болсаң озып көр" ойын сабақ өткізді.

02.11.23 күні Күзгі каникул кезінде кітапханаға келіп тик-ток түсірді 4"Б"-сынып оқушысы Әбен Мерей.

2023 жылдың 03 қарашасы күні “Ағыбай батыр атындағы оқушылар сарайы” КМҚК-ның күзгі демалыс жоспарына сәйкес қалалық “Сиқырлы алтын күз” шығармашылық байқауы ұйымдастылды. Байқау “Күз- менің сүйікті жыл мезгілім” номинациясы бойынша 6-10 жас санатындағы оқушылар арасында өтті.

Байқауға мектебіміздің 4 сынып оқушылары қатысты. Нәтижесінде 4Б сынып оқушысы Наурызбай Айзере- 2 орын, 4А сынып оқушысы Ерболатқызы Еркежан 3 орынмен марапатталды. Күзгі демалыс кезіндегі әр іс-шараға оқушыларымыз белсене қатысып, күзгі демалыстың жақсы өтуіне өз үлестерін қосты.

7 қараша күні Темір жол көлігіндегі көлік құқық бұзушылықтары мен жазатайым оқиғалардың алдын алу, жолдың жоғары құрылысы материалдарының бұзылуын болдырмау, әйнектердің ұру фактілеріне, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың алкогольді, есірткі және психотроптық заттарды пайдалану фактілеріне жол бермеу мақсатында желілік полиция бөлімше бастығы А.Р. Досбол және патрульдік полиция тобының аға полициялары М.Ж. Мергенбаев, Б.К. Мейрбеков 9 сынып оқушыларына «Кәмелетке толмағандар арасындағы көлік объектілеріндегі қауіпсіздік және балалардың қадғалаусыз қалуының және құқық бұзушылықтың алдын алу қағидалары» дәріс оқыды.

Қараша айының 7-сі күні 9А, 9Б сыныбының оқушыларына «Балқаш қаласының конфессияаралық қатынастар мәселелерін зерттеу және талдау орталығы» КММ теологтары Тұрлыбек Қыдыр Сәкенұлы мен Мұхтар Дініслам Оразалыұлы келіп «Діни экстремизм, терроризм — бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбында дәріс оқыды.

9 қараша күні «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқаны өткізілді.

10 қараша күні «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқанының өтуіне байланысты «Бақытты балалық шақ» тақырыбында танымдық ойында мектеп кітапханашысы Б.К. Казбекова ұйымдастырды.

6 қараша күні 11 сыныптарда «Есірткі ел қауіпсіздігіне, әлем қауіпсіздігіне төнген қатер» тақырыбында сынып сағаты өтті.

9 қараша күні 5Б сыныбында «Отбасым-бақыт мекенім» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті

13 қараша күні ««Ағыбай батыр атындағы оқушылар сарайы» КМҚК-ның ұйымдастыруымен сәйкес «Жас тілші» байқауында Абилямашева Айзережүлделі ІІ орынмен марапатталынды.

13 қараша күні 5Б сыныбында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

13 қараша күні «Құқықбұзушылықтың алдын -алу» Балқаш қаласы полиция капитаны А.А.Нұрбек Н.А.Қоразбаев мектеп оқушыларына тәртіп бұзушылықтың алдын алу туралы айтты.

13 қараша күні 11 сыныпта «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында сынып сағаты өтті.

13 қараша күні 5А сыныбында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Ұлттық валюта күніне іс-шаралар өткізілді.

"15 қараша -Ұлттық валюта күні" тақырыбында 9Б сыныбында танымдық сағаты өткізілді. Тәуелсіздік алған елдің ең бір айрықша белгісі - ұлттық валюта. Ол Қазақстан Республикасының төңірегінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Еліміздің ұлттық валютасы теңгенің шығу тарихын әрбір Қазақстан азаматы білуі тиіс.

15.11.2023 күні Ұлттық теңгенің 30 жылдығына орай «Ұлттық теңге - ұлт мақтанышы» атты қалалық танымдық ойынға белсене қатысқаны үшін 6 «А» Ақан Сезім мен Аспаева Айым және Әділбекова Гүлнұр алғыс хатпен марапатталды.

15 қараша-Ұлттық Валютамыз,яғни теңгеміз айналымға енгізілген күн.Тәуелсіздігіміздің нақты белгісі болып есептелетін рәміздердің бірі-төл теңгеміз отыз жыл бойы қазақ елінің,қазақ халқының ,қазақ экономикасының дамуына қызмет етіп келеді. Осыған байланысты 15 қараша 5А және 5 Б сынып арасында топқа бөлініп "Валюта ойыны" өткізілді.Оқушылар ойынға белсене қатысты.

15 қараша күні «Балқаш қаласының мәдениет,тілдерді дамыту,дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-нің және «Балқаш қаласы тілдер орталығы»КММ ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы аясында ұлты қазақ балалары арасында орыс тілінде өткізілген «Ой-сана» дәстүрлі қалалық байқауында мектебіміздің 11-сынып оқушысы Айгүл Мағау қатысып,жүлделі ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

15 қараша күні «Ұлттық теңгенің 30 жылдығына орай» «Ұлттық теңге-ұлт мақатынышы «» атты қалалық танымдық ойынға белсене қатысқаны үшін 6А сынып оқушылары Аспаева Айым. Ақан Сезім,Әділбекова Гүлнұр алғыс хатпен марапатталынды

15 қараша күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапхнашысы Б.К.Казбекова 4А,4Б сынып оқушылары арасында «Кітап-асыл қазына» тақырыбында тапқырлар сайысын өткізді.

15 қараша күні 8А сыныбында «15 қараша -Ұлттық валюта күні» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Қараша айының 18-і күні «Даналық мектебі жобасы аясында» «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмыс жоспарына сәйкес

«Балаға үйрету, ақылыңды мейірімге орап бер» тақырыбында танымдық сабақ өтті.

15 қараша - Ұлттық валютамыз, яғни теңгеміз айналымға енгізілген күн Осыған байланысты 5А, 5Б сыныптарында сынып сағаты өтті.

16 қараша күні «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында мектеп психологы Д.Қ.Алишева тренинг өткізді

17 қараша күні «9 айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Бес асық», «Асық ату» ұлттық ойындары бойынша «Алтын сақа» челленджі ұйымдастырылды.

20 қараша күні Республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 4А оқушылары қазақтың көрнекті Мұзафар Әлімбаевтың шығармаларына арналған іс-шаралар өтті.

20 қараша күні Республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқуға міндетті 100 кітап тізіміне енген ақын-жазушылардың» шығармашылығына арналған іс-шаралар өтті.

22 қараша күні «Ұлттық мектеп лигасы» аясында 5-6 сынып қыздары арасында өткен «Баскетбол турнирінің қалалық іріктеуі кезеңіне қатысып жүлделі ІІ орынмен мектебіміздің командасы марапатталынды».

22 қараша күні Балқаш қалалық полиция капитаны А.А. Нұрбек пен полиция аға лейтенанты Н.А. Қоразбаев 7-9 сынып оқушыларына «Тәртіп бұзушылықтың алдын алу» бойынша кеңес өткізді

23 қараша күні Халықаралық Отбасы күніне орай 9Б сыныбында «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында сынып сағаты өтті.

23 қараша күні «Парасат» мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Білімнің биік белесінде» атты 8-9 сынып оқушыларының отырысы өтті.

23 қараша күні 8А, 8Б сыныптарында «Ыбырай Алтынсариннің тағылымы» тақырыбында интеллектуалды ойын өтті.

23 қараша күні «Оқуға құштар мектеп жобасы аясында» «Білім көзі кітапта» тақырыбында 20 минуттық кітіп оқу сағаты өтті.

25 қараша түркі халықтарының күні аясында 5А, 5Б сыныптарында «Түбі бір түркілер әлемі» тақырыбында іс-шара өтті.

24 қараша күні 8А сыныбының сынып жетекшісі Д.С. Сағымбекова ата-аналар жиналысы өтті.

27 қараша күні «Коунрад мыс компаниясы» ЖШС кәсіпорнына өндірістік саяхат жасады

27 қараша күні 2Б сыныбында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша «Әкеге-ізет, анаға-құрмет» тақырыбында сынып сағаты өтті.

27 қараша күні 9-11 сынып оқушыларымен Балқаш қаласының патрульдік полиция ротасының командирі полиция капитаны Д.Н. Бидайбеков «Кәмелетке толмағандардың аласында қылмыстардың алдын алу, сондай-ақ жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, алаяқтық пен вандализмнің қиылысы» тақырыбында дәріс өткізді.

27 қараша күні қалалық мектеп лигасы аясында қыздар командасы жүлделі ІІІ орынмен марапатталынды.

27 қараша күні 5Б сыныбында «Жұқпалы аурудың алдын алу» тақырыбында сынып сағаты өтті.

27 қараша күні 9Б сыныбында «Адалдық - адамдықтың белгісі» тақырыбында сынып сағаты өтті.

28 қараша күні 6Б сыныбында «Жолда жүру ережелері» тақырыбында сынып сағаты өтті.

30 қараша күні 2 Б сыныбында «Күндей күлген анамның ,баласы болып қаламын» тақырыбында сурет салу сайысы өтті.

30 қараша күні «Біз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында «Адал ұрпақ» клубының мүшелері іс-шара ұйымдастырды.

30 қараша күні Ағыбай батыр атындағы оқушылар сарайының Мысыр билеушісі Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына орай Дара тұлға Бейбарыс атты іс-шараға қатысып жүлделі ІІ орынмен марапатталды.

1 желтоқсан күні дүниежүзілік спидке қарсы күрес күніне орай «Біз спидке қарсымыз!» тақырыбында Балқаш қалалық ЖИТС орталығының дәрігер - эпидемиологы Батырбекова айгүл Абдолдақызы 9-10 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

1 желтоқсан күні Даналық мектебі бойынша «Көркем» аналар мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес қыздар арасында отырыс ұйымдастырылды. Аналар мектебінің мүшесі Спанова Балдырған «Әдемі шаш- адамның көркі» тақырыбында қыз балаларға шаш күтімі туралы кеңес берді.

01.12.2023 жылы қалалық «Сыбайлас жемқорлық» КТК ойындарының лигасында мектебіміздің «Болашақ» командасы 2 орынмен марапатталды.

01.12 күні «Қазақмыс» корпорациясы политехникалық колледжінде 9Б сынып оқушылары Жолдыбай Толғанай мен Садвакаасова Айжан 4 күзіреттілік бойынша тест тапсырып жүлделі І және ІІІ орынмен және ақшалай сыйақымен марапатталды.

04.12. «Ұлттық мүдде – рухани құндылықтар» бағыты бойынша «Қазақтың 100 әні» жобасы аясында дәстүрлі ән үйірмесінің жетекшісі Манарбеков Е.А дәстүрлі әндерді насихаттады.

«Ұлттық тәрбие» іс-шарасына сәйкес 5А,Б сыныптары «Жеті атаны білу арқылы өзінді тану» тақырыбында іс-шара өтті.

6А,6Б сынып оқушылары арасында жоспарға сәйкес «сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында театрландырылған қойылым қойылды.

05.12 күні «Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім» жобасы аясында мектеп кітапханашысы 3Б сынып оқушыларымен «Аман –есен жүрейік, жол тәртібін білейік» тәрбие сағатын өткізді.

05.12 Даналық мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес «Көркем аналар» мектебінің ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ұлттық мүдде» құндылығын оқушы бойына сіңіре отырып 8А,Б сынып оқушыларының қатысуымен «Қазақ шапан» тігу шеберханасына барды.

05.12 күні 9-11 сынып оқушылары кәсіби бағдарлау мақсатында қаламыздағы медициналық колледжінің өкілдерімен кездесті.

2023 жылдың 5 желтоқсаны күні мектебіміздің 1-11 сыныбының оқушыларының ата-аналары үшін жалпы ата-аналар жиналысы өтті.Жиналыста Балқаш қаласының прокуроры Қуанышбек Аслан Қайратұлы «Нашақорлық және оның алдын алу» тақырыбында дәрісоқыды. Балқаш қаласының ЖИТС орталығының дәрігер-эпидемиологы Батырбекова Айгүл Абдолдақызы «Жұқпалы аурудың алдын алу» тақырыбында дәріс оқыды. Қалалық жасөспірімдер бөлімінің инспекторлары полиция капитаны Нұрбек Аян Алтайұлы, полиция аға лейтенанты Қоразбаев Нұрлыжан Айтмағанбетович

«Тәртіп бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық орындарда өз-өздерін ұстау» тақырыбында кеңес берді. Балқаш қаласының төтенше жағдай басқармасының бастығының орынбасары Мұқажанов Еркін Оразұлы, төтенше жағдай құтқару бөлімінің құтқарушы медбикесі Абжанова Бағдат Сатпековна «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік», «Мұз үстіндегі қауіпсіздік» тақырыбында кеңес берді. Жиналысқа қатысқан ата-аналар өз тарапынан қойылған сұрақтарға жауап ала білді. Бүгінгі өткізілген жиналыстың күн тәртібінде қаралған мәселелер ең өзекті мәселелер.

Балқаш қаласының ЖИТС орталығының дәрігер-эпидемиологы Батырбекова Айгүл Абдолдақызы «Жұқпалы аурудың алдын алу» тақырыбында дәріс оқыды.

Қалалық жасөспірімдер бөлімінің инспекторлары полиция капитаны Нұрбек Аян Алтайұлы, полиция аға лейтенанты Қоразбаев Нұрлыжан Айтмағанбетович «Тәртіпбұзушылықтың алдын алу, қоғамдық орындарда өз-өздерін ұстау» тақырыбында кеңес берді.

05.12 күні «Құндылыққа негіздерген тәрбие мен білім» форумы аясында мектебіміздің «Үкілім» қыздар клубының жұмыс жоспарына сәйкес 9-11 сыныптар арасында «Қыз өссе елдің көркі» тақырыбында отырыс өтті.

06.12 күні Даналық мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес «Көркем аналар» мектебінің ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ұлттық мүдде» құндылығы 7-9 сынып оқушыларының қыз балалары арасында «Ұлттық қолөнер – ұлы мұрамыз» тақырыбында аналар тәлімдік сабағын өткізді.

07.12 ұлттық тәрбиені насихаттауда жылдық жоспарға сәйкес әр аптаның сейсенбісі «Құнды өсиеттер» күніне орай 5А,Б сыныптары «Жеті ата», «Жеті жұт», «Жеті жетім», «Жеті күн», «Жеті жоқ» сияқты құнды өсиеттермен тәлімдік сабағын өткізді.

08.12 күні «Ұлттық тәрбие» мектепішілік жоспарға сәйкес 8Б сынып оқушылары қазақтың ұлттық биін биледі.

Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар өтті.

2023 жылдың 11 желтоқсаны күні 8Б сыныбында "Тәуелсіздік-тұғырым" атты тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: желтоқсан көтерілісінің сипатын насихаттай отырып, Желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтау. Оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін ояту.

Өз елін, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу. 11.12.2023 жылы 8 «А» сыныбында «Тәуелсіз елімізмен мақтанамын» атты тәрбие сабағы өткізілді. Мақсаты: оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жеңістерімен таныстыру, әлем таныған ел екенін дәлелдеу, білімдерін кеңейту.

2023 жылдың 11 желтоқсаны күні 1 А сыныбында «Тәуелсіздік-тұғырым» атты тәрбие сағаты өтті

Мақсаты:

- Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата - бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға - апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету. Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту.

Сынып жетекшісі М.М.Жолдасбекова Қазақстанның болашағы сендерсіңдер. 2030 жылы Қазақстанның Орта Азия барысына айналуына сендер де өз үлестерінді қосасыңдар. Отанымыз гүлденіп, жайнай берсін деген тілекпен тәрбие сағатын аяқтады.

11 желтоқсан күні 1 Б сыныбында “Тәуелсіздік-тұғырым!” атты тәрбие сағаты өтті.Мақсаты:Оқушылардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту. Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске түсіріп, желтоқсан құрбандарының ерлігі жайында түсіндіру.Желтоқсан оқиғасында ел камын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

2023 жылдың 11 желтоқсаны күні 5 А сыныбында «Тәуелсіздік-тұғырым» атты тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты:

- Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата - бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға - апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету.
- Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту.

2023 жылдың 11 желтоқсан күні 3 Б сыныбында “Тәуелсіздік-тұғырым” атты тәрбие сағатты өтті.

Мақсаты:

Оқушыларды Отанды сүйуге тәрбиелеу, туған елін, жерін қорғау әрбір азаматтың міндеті екенін білгізу.

Оқушылардың ой-өрісін дамытып, білім деңгейін көтеру шығармашылық ізденісін, патриотизм сезімін қалыптастыру.

«Тәуелсіздік – ата-баба арманы » тақырыбында 9 б сынып оқушыларымен кітапханашы танымдық сабағын өткізді..

1-11 сыныптар арасында «Төрлет құтты Жаңа жыл» тақырыбында Жаңа жылдық ертеңгіліктер өтті. Мақсаты:балаларда мерекелік көңіл күй тудыру, шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың Аяз атаның, Ақшақардың қоянның,түлкінің,ұлудың,сикыршының,аюдың,Машаның карнавалдық киімдеріне назар аударту, көңілді ойындар ойнату, достық қарым-қатынасын ояту, бірлескен ойындар ойнату, аудиторияға мерекелік көңіл күй жасау.

26 желтоқсан күні мектебімізде мерекелік іс-шаралар өз бастауын алып,28 желтоқсан күні барлық сыныптарда ертеңгіліктер өз мәресіне жетті. Іс-шараға келгенәр ата-анаға балалары мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Келе жатқан «Ұлу» жылы бәрімізге бақыт,береке мен бірлік,молшылық әкелсін

Жүзімізді күлкі ойнап,

Қанаттар жанымыз.

Жаңа жылды біз тойлап

Ән шырқадық бәріміз.

Келді тағы жаңа жыл

Қуантуға біздерді

Құтты болсын қуаныш

Құттықтаймыз сіздерді.

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын.

Қысқы каникул жоспарына сәйкес Оқушылар сарайының ұйымдастыруымен өткен іс-шараларға оқушыларымыз қатысып жүлделі орындарға ие болды

«Кенес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына» байланысты өткізілген іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мақсаты: Отанға деген патриоттық сүйіспеншілігін қалыптастыру, өз тарихына қызығушылығын арттыру. Оқушылардың батырларға деген адамгершілік сезімін дамыту. Отанға және Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілікпен, туған жерін, елін шексіз сүйуге қалыптастыру, оқушылардың экстремалдық жағдайлардағы қимылдарының дайындықтарын қалыптастыру, келешекке деген жауапкершілігін, ой өрісінің дамуын қалыптастыру.

2024 жылдың 01 ақпаны күні «Ауған соғысы-тарихтың қасиетті парағы» атты ақпараттық бұрыш жасалынды.

2024 жылдың 01 ақпаны күні «Ер есімі-ел есінде» атты кітап көрмесін мектептің кітапханашысы Б.К.Қазбекова ұйымдастырды, мектептің оқушылары бұрыштан өздеріне керекті көптеген мәліметтер алды.

2024 жылдың 02 ақпаны күні 5-8 сыныптың оқушыларына сынып жетекшілері «Ауған соғысы» туралы бейнефильмдер көрсетті, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

2024 жылдың 12 ақпаны күні 5А 5Б сыныптарында «Ауған соғысының қасіреті» тақырыбында сынып сағаттарын сынып жетекшілері А.А.Бегімбай мен Н.Ж.Жолдыбаева өткізді.

2024 жылдың 13 ақпаны күні «Қайсарлық-бізге лайық» тақырыбында спорттық ойындарды Сатиев Қ.А мен Асқаров А.А. ұйымдастырды.

2024 жылдың 15 ақпаны күні «Еске сақтауға лайықты» тақырыбында мектебіміздің 1-11 сыныбының оқушыларына арналған салтанатты сап жиынын өткізді.

2024 жылдың 15 ақпаны күні мектебіміздің оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Ауған соғысы Кенес Одағы кезіндегі қайғылы тарихи оқиғалардың бірі. Биыл ақпанның 15-і күні Кенес әскерлерінің Ауғанстан жерінен толықтай шыққанына 35 жыл толмақ. Осыған орай мектебімізде «Уақыт Сізді таңдады...» атты ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кеші өтті.

Іс-шараның мақсаты: Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету, жат жерде көз жұмған жерлес азаматтарды еске алу және жастарға патриоттық тәрбие беру болып табылады.

Кездесуге өмірінің өлшеулі бір бөлігін, жалындаған жастық шағының жартысын оқ пен от арасында өткізіп, елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан интернационалист-жауынгерлер, атап айтқанда М.Д.Абдирбаев пен Б.М.Мухамедиев қатысты. Шара ең алдымен 71 жасында дүниеден өткен, СССР кезінде Ауғанстанда совет күштерінің арнайы мақсаттағы тобын басқарған, «қара майор» лақап атымен әйгілі болған Борис Керімбаевты және ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан боздақтарды 1 минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Келген ардагерлеріміз оқушыларға Ауған соғысы туралы көптеген естеліктер айтты

Сонымен бірге іс-шарамызға Әлімхан Ермеков атындағы "№17 мектеп-лицейінің" АӘТД жетекшісі Д.М.Левкович, "Зияткер" мектебінің АӘТД жетекшісі М.І.Балбыков шақырылды..

- Өтер жылдар, айлар тағы алыстап

Тағдыр талай тауқыметін табыстар.

Өздеріңді жырлап өтер ұрпағың

Ауғандағы азап шеккен арыстар - деп ақын жырлағандай, өмір тоқтамайды, ерлік өлмейді, замандарға жалғаса береді. Бұған дәлел бүгінгі ортамызда жүрген ауғандық жауынгерлеріміз, бейбіт өмірдегі жарқын істері, қоғамдық жұмыстарға белсенділіктері, түрлі кәсіпті игерудегі ерен еңбектері ұмытылмас.

Сонау Ауған жерінде қару асынып мұң арқалаған сын сағаттарда бірін - бірі бауыр дескен азаматтар бүгінгі таңда еліміздің түкпір - түкпірінде еңбек етуде. Аспанымыз ашық болсын, бейбіт өмір жасай берсін. Мектебіміздің оқушылары осы аптада өткізілген әр іс-шарадан өздерін толғандырып жүрген мыңдаған сауалдарға жауап ала білді деген ойдамыз. Іс-шараларымыз қортындыланып, өз мәресіне жетті.

Ақпан айының 14-сі күні 10-11 сынып оқушыларына «Балқаш қаласының конфессияаралық қатынастар мәселелерін зерттеу және талдау орталығы» КММ теологы Тұрлыбек Қыдыр Сәкенұлы келіп «Діни экстремизм-әлемге төнген қауіп» тақырыбында дәріс өткізді.

Мақсаты: а) Оқушыларға экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру; ә) Жасөспірімдерге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу;

б) Жасөспірімдерге бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыру.

Бүгінгі дәрісімізден дін, әдет - ғұрып, діни экстремизм тақырыбында біраз мәлімет алдық деген ойдамыз. Жазушы болсын, жұмысшы, қайраткер болсын, рухтың кемелденуі – ең негізгі қасиеттердің бірі. Рух кемелденуі үшін адам ибалы, қоғам иманды болуы керек. Бүгінгі сабақтың түйіні келешек қоғамның алтын тірегін сақтап қалу керек болса, ибалы адам, иманды сол тіршіліктің алтын тірегіне айналсын демекпін. Осындай тілекпен бүгінгі қоғамымызды дөп басар кезінде ұлт зиялысы, ел жанашыры Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» атты өлеңінің мына бір жолдарымен қорытындылағым келеді.

Оян, қазақ!

Оян, қазақ! Өз дініңді ұмытпа,

Дініңді сен ардақтағын, құнтта!

Көз алдында тура жолың тұрғанда,

Қателесіп жаман жолмен былықпа.

2024 жылдың 23-інші ақпаны күні “Жер сілкісіні кезіндегі төтенше жағдай қаупі мен пайда болуы кезіндегі оқушылардың апаттық және сейсмикалық дайындығы” тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырылды.

23.02.2024 күні Ыбырай Алтынсарин атындағы 25 ЖББ мектебі КММ сінде азаматтық қорғау саласындағы оқу және жаттығулар өткізу жоспарына

сәйкес “Жер сілкісіні кезіндегі төтенше жағдай қаупі мен пайда болуы кезіндегі оқушылардың апаттық және сейсмикалық дайындығы” тақырыбында сейсмикалық-эвакуациялық жаттығу ұйымдастырылды.

2024 жылдың 1 наурыз Алғыс айту күні бойынша өткізілген іс-шаралар бойынша анықтама.

Мақсаты: Оқушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту

Міндеттері: а) ризашылық, рахмет, алғыс туралы түсінік беру;
ә) үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынасын дамыту;

б) әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу

2024 жылдың 24 ақпаны күні 1-11 сыныптарда «Алғыс айту парызын» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

2024 жылдың 28 ақпаны күні мектеп кітапханасында «1 наурыз -Алғыс айту күні» тақырыбында кітап көрмесін мектебіміздің кітапханашысы Б.К.Казбекова ұйымдастырып, оқушыларымыз өздеріне керекті көптеген мәліметтер алды.

26 ақпан күні мектептің 1 қабатына «1 наурыз-Алғыс айту күні» тақырыбында бұрыш ұйымдастырылды.

2024 жылдың 28 ақпаны күні 5-7 сыныптар арасында «Алғыс айту парызын» тақырыбында шығарма жазу байқауын Есмахан С.Қ мен Дүйсембаева Б.Б ұйымдастырып, жеңімпаз оқушыларды марапаттады.

29 ақпан күні 1-5 сыныптар арасында құттықтау ашық хаттары дайындалып, таратылды. Оқушылар үлкен қызығушылықпен қатысты.

28 ақпан күні 8—10 сыныптар арасында «Болашаққа бірге» тақырыбында флешмоб ұйымдастырылды.

29 ақпан күні 6-7 сыныптар арасында «Ата-анама мың алғыс», «Қазақ еліне мың алғыс» «Барлығына рақмет» челленджі ұйымдастырылды.

Балалар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдерінді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. «Рақмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңдар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтаңдар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңдер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңдар, дей келе бүгінгі сынып сағатымызда оқушыларымызға 1 наурыз Алғыс айту күнінің мәні мен ерекшелігі түсіндірілді.

1 наурыз «Азаматтық қорғаныс күніне» байланысты іс-шаралар өтті.

Мақсаты: Азаматтық қорғаныс туралы түсінік беру. Қауіпсіздік жағдайлары мен алдын алу шараларын ұғындыру және алғашқы көмек көрсетуді үйрену.

Міндеттері:

Білімділік: Төтенше жағдайларда іс-қимылдарын ұйымдастырудағы білімді үгіт-насихаттауды күшейту мақсатында –болуы ықтимал апат оқиғаларында өздеріне, төңіреkteгілерге жәрдем көрсетуге үйретудің қарапайым жолдарын меңгерту;

Тәрбиелік: Өрттен, жер сілкінісі, боран, үсік шалу, мұздақта жүру, зардап шегушілерге қамқорлық жасап, әдепті болу, жедел жәрдем келгенге дейін зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсету;

Дамытушылық: Топпен жұмыстануға дағдыларын дамыту.

Бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күні. Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымының (ХАҚҰ) 1990 жылы өткен 9-сессиясында Бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күнін жыл сайын 1 наурызда атап өту туралы шешім шығарылды. 1972 жылы дәл осы күні ХАҚҰ-ы үкіметаралық ұйым мәртебесіне ие болған. Бұл күн - азаматтық қорғау және ұлттық қорғаныс қызметтері атқаратын маңызды іс-шараларға қоғам назарын аударту мақсатында атап өтіледі.

Өзге жанды құтқару үшін өз өміріңді тәуекелге тігу оңай емес. Құтқарушының әрбір жұмыс күні ерлікке пара-пар. Дегенмен, бұл жерде көзсіз батылдықтан гөрі кәсіби біліктілік қажет. Төтенше жағдай, өрт, орманда жүргенде, су, мұз үстіндегі қауіпсіздік шаралары мен өзін-өзі құтқару, мұз үстінде жүру ерекшеліктері, автокөлікте келе жатып боранда қалсаңыз сияқты төтенше жағдай болған уақытта әр адамның өз өмірін құтқару және басқа адамға көмек бере білу керектігі туралы түсініктерін қалыптастыру.

29 ақпан күні мектебіміздің 1 қабатына «Азаматтық қорғаныс күніне» байланысты бұрыш ұйымдастырды және мектеп кітапханасына «Мен және төтенше жағдайлар» тақырып негізінде кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары мен ұстаздар төтенше жағдай туралы өздеріне керекті көптеген мәліметтер берді.

29 ақпан күні 1-11 сыныптар арасында «Өмір қауіпсіздік негіздері» атты тақырыпта бейнероликтер көрсетілді.

Мектебіміздің оқушылары 1 наурыз күні Балқаш қаласының Төтенше жағдайлар бөлімінің ұйымдастыруымен өтетін іс-шараға оқушыларымыз барып қатысты.

01 наурыз күні «Азаматтық қорғаныс күніне байланысты» спорттық ойындар ойнатылды. Осы іс-шара барысында жүргізілген іс-шаралар қортындыланып, әр адам үшін өте маңызды екендігін ұғынып, өзге жанды құтқару үшін өз өміріңді тәуекелге тігу оңай еместігін және құтқарушының әрбір жұмыс күні ерлікке пара-пар екендігіне көздері жетті.

«8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне» байланысты өткізілген іс-шаралар өтті.

Мақсаты: Оқушыларға ата - ана алдындағы парыз бен қарыздары туралы түсінік беру. Мейірімділікке, сый - құрметке тәрбиелеу, ұлтқа тән жақсы қасиеттерді қалыптастыру.

Өмірдің көркі - көктем айы мейірім шуағын төгіп, қуанышын қоса ала келді. Бұл айда бар адамзат баласы бас иер үш әріптен тұратын ұлы есім аналарымыздың дәстүрлі мерекесі 8-наурыз күніне белгіленген. Бұл күні төрткүл дүниенің жан иесі, аса қадірлі аналар мен қыз-келіншектерге ерекше құрмет көрсетіліп шын ықылас танытып, сыйлықтар жасап жатады. Тарих парағын парақтасақ, осы күнде әйелдер қауымы өз құқықтарын қорғап, бас көтерген деседі. Бертін келе бұл күнді халықаралық әйелдер күні болып белгіленген екен.

• Анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру, үлкенге ізет, кішіге үлгі бола білуге үйрету.

• Оқушы бойында ізгілік, инабаттылық, биязылық сияқты қазақ қызына тән жақсы қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған «Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз» атты іс-шаралар өз бастауын алды. Құрметтейік, о адамдар, аналарды,

Бізді өмірге әкелген даналарды.

Себебі ана деген асыл жан ғой,

Ойлауменен істелік әр қадамды.

Ана есімін ауызға алмайтын адам баласы жоққа тән. Бұл есім жер шарындағы күллі адамзатқа тиесілі. Жердің өзіне де Жер - Ана деп теңеу айтып жүрген жоқ па? Ана хақында ғұлама атаулының бәрі де жүректерінен жарып шыққан асыл сөздерін қалдыруы сондықтан.

04 наурыз күні мектептің I қабатына «Ана- өмір, ана- гүл» тақырыбында ақпараттық бұрыш жасалды және «Біздің аналарымыз бен әжелерімізге- махаббат, гүл, көктем» тақырыбында қолдан жасалған бұйымдардан көре ұйымдастырылды.

04 наурыз күні «Сіз әйелсіз, сіз- сұлулық символысыз» атты мектеп кітапханасында көрме ұйымдастырылды.

05 наурыз күні «О, Ана- сен сұлулық символысың» атты мектеп газеттерін шығару, ашық хаттар байқауы өткізілді. Байқау соңында оқушыларымыз жүлделі орындарымен марапатталды.

06 наурыз күні 1-11 сыныптың оқушылары «Ардагерлер есімі мәңгі есімізде» тақырыбымен ардагер ұстаздарды онлайн режимінде құттықтады.

06 наурыз күні «Арулар, аналар ән- жырым сіздерге арналады!» тақырыбында аналарға, ұстаздарға арналған музыкалық әндермен өз құттықтауларын жеткізді. Ана адамзат мекен еткен жер шарының әр түп жерінде, әр үйде мейірім мен мерейдің достық пен туысқандықтың туын тіккен адам. Адамзат ең алдымен ана алдында қарыздар. Алақанына қуырдақ қуырып берсең де, ана борышын өтей алмайсың. Ана парызы алтынға бөлеуді, ақ орда салуды қаламайды, ана баласының ер жігіт, адам болуын қалайды. Анаға осыдан артық тарту таралғы жоқ дей отыра барлық аналарды мерекелерімен құттықтаймыз, әйел бақытын тілейміз.

Мектеп директоры



Г.С.Мейрбекова

Орындаған : М.М.Жолдасбекова

Д.Ж.Мусаханова